

5- сынып оқушыларының бейімделу ерекшеліктері. Психологтың ата-аналармен кездесуі. Слайдтарға мәтін

5- сынып оқушыларының бейімделу ерекшеліктері. Психологтың ата-аналармен кездесуі. СЛАЙДТАРҒА МӘТІН

  «5-сынып оқушыларының бейімделу ерекшеліктері» Психологтың ата-аналармен кездесуі Бесінші сынып: тек жаңа сатыға өту ғана емес, сонымен бірге, жаңа даму кезеңі – жасөспірімдік шақ.	1-слайд Сонымен, мектеп өмірінің бірінші бөлігі артта қалды – бала бастауыш мектепті бітірді. Ол есейді. Өзін ересек сезінеді және өзі бар-жоғы үш ай бұрын ғана қатарынан ұшып шыққан «балақайларға» қамқорсына қарайды. Енді ол – бесінші сынып оқушысы! Жасөспірімді орта мектептің талаптарын түсіну және соларға бейімделу күтіп тұр. Оқушының бастауыш мектептен орта мектепке көшуі балалық шақтың – бала өмірінің орнықты кезеңінің аяқталуымен тұспа-тұс келеді. Бесінші сыныпта баланы жаңа оқыту жүйесі күтіп тұрады: сынып жетекшісі және әртүрлі кабинеттерде жаңа пәндерді үйрететін мұғалімдер
Кіші жастағы жасөспірім туралы негізгі білім керек: 1. Ересектік сезімнің көрініс беруі. «Балаға тан» дүниенің бәрінен іргесін аулақ салуға үйренілуі 2. Балаға баға беру, өзіндік сана-сезім, өзін-өзі және салу қабілетінің артуы 3. Болып жинауда дербестіктің көрініс беруі 4. Тәуірдің үлгісін көрсетуі, пайда болуы 5. Өзгелерден көм түспегенге ниеттенуі 6. Қатарластарының арасында, отбасында лайықты орын алуды қадағалауы 7. Адал дос табуға талпынуы 8. Сыныпта да, сыртта да оқуға қатысқан аулақ болуға тырысуы 9. Сыныптағы «күш ара-қатынасы» туралы мәселеге аса қызығушылық танытуы 10. Қатарластарымен сенімге негізделген қарым-қатынас орнату (басты қасиет – тіл табысу) түрлі түйіткілді мәселелер туындауы – үрейліліктің артуы, сенімсіздіктің, қорқыныштардың, күнделікті мәселелерді шешуге қатысты жағдайларда жиі қобалжудың пайда болуы ілесе жүреді. Мысалы, айналадағылардың үміттерін ақтай алмай қалу қорқынышы күшейе түседі, бұл осы жаста әдетте өзін көрсете білу қорқынышынан күштірек болады. Кіші жасөспірімдік жастағы бала үшін өзге адамдардың, әсіресе сыныптастарының және мұғалімдерінің өзі және өзінің қылықтары туралы ойы мен пікірі ерекше маңызды. Айналадағылардың үмітін ақтай алмауға қатысты ұдайы қорқыныш тіпті қабілетті баланың өз мүмкіндіктерін тиісінше көрсете алмауына алып келеді. Дегенмен, аса қабілетті балалар шапшаң ырғақта өмір сүреді, шахматпен, ағылшын тілімен, информатикамен шұғылданады, бәлкім сол себепті олардың стресске төтеп беру қабілеті төмен болып келеді. Ата-аналар балаларының білім алуының және болашақ өмірінде табысқа жетуінің қамын ойлап, «заман қиын ғой, көшеде бір жамандық болып қалмаса екен» деп алаңдап, баланың бос уақытын білім алумен «толтыруды» жөн көреді, бірақ, дәл осындай балалар аялаушы күтімге және стрессті басқарудың арнайы дағдыларын игеруге және, бәлкім, медицина мамандарының ерекше көңіл бөлуіне мұқтаж болады.	2-слайд Егер бастауыш сынып оқушылары үшін мектептегі қиындықтар көбінесе оқу үлгерімімен байланысты болса, орта мектепке көшу кезінде жеке тұлға ретінде даму және балалардың арасындағы тұлғааралық қарым-қатынас қиындықтарымен байланысты болады. Осыған әдетте
Кіші жастағы жасөспірім туралы негізгі білім маңызды: 11. Өзіндік сыртқы келбетіне ерекше көңіл бөлуі 12. Шектен тыс эмоцияға берілгіштік, асқан үрейлілік, тұрақсыз психика 13. Жас: ұланың ішін еш бедәлі болмауы; ересектерге әдейілеп айла-шарғы қолдануы 14. Мұғалімдерге, ата-аналарға, ересектерге шектен тыс жағымсыз көзқарастың қаруы 15. Негізсіз салынған тыйымдарға жіркенішпен қарауы 16. Өз мүмкіндіктерін асыра бағалауы 17. Сәтсіздіктерге бейімделу қабілетінің жоқтығы 18. Эгоцентризмнің көрініс беруі 19. Өз-өзімен және айналадағылармен іштей қатынысқа түсуі 20. Шынайылықты қолдауы Бесінші сынып оқушысы қандай қиындықтарға тап болады	3-слайд Өтпелі кезеңде ішкі ұстанымдағы шағын өзгерістер басқа адамдармен, ең алдымен қатарластарымен өзара қарым-қатынаспен байланысты. Осы жаста балалардың сыныптағы іскерлік және жеке тұлғалық қарым-қатынастар жүйесінде белгілі бір орынды иеленуге талпынысы пайда болады, осындай жүйеде оқушының айтарлықтай тұрақты мәртебесі қалыптасады. Сондықтан, баланың эмоциялық күйіне оқудағы үлгерімі мен мұғалімдермен қарым-қатынасы ғана емес, жолдастарымен қарым-қатынасы қалай қалыптасып келе жатқаны барған сайын артып бара жатқан дәрежеде әсер ете бастайды.
Бесінші сынып оқушысы қандай қиындықтарға тап болады: 1. Оқу жағдайының өзгеруі 2. Әртүрлі талаптар 3. Қадағалаудың жоқтығы	4-слайд Осы кезеңнің қиындығы неде екенін және балалар да, ата-аналар да, педагогтар да кездесетін «күтпеген кедергілерден» қалай өту керек екенін анықтап көрейік. Көп жағдайда бесінші сынып оқушыларының өздері мектеп қиындап кеткенін айтады, себебі: - тым көп әртүрлі мұғалімдер (оларды есте сақтау, әрқайсысының талаптарына бой үйрету керек); - әдеттен тыс кесте (жаңа тәртіп); - тым көп жаңа кабинеттер, олардың орналасқан жері де белгісіз; - сыныптағы жаңа балалар (немесе сыныпқа өзі жаңадан келген); - жаңа сынып жетекшісі; - орта мектепте біз қайтадан ең кішісіміз, ал бастауыш сыныпта ең үлкені едік; - жоғары сынып оқушылармен арадағы қиындықтар (мысалы, буфетте немесе дәретханада).

Бастауыш сыныпта оқығанда бала бір мұғалімге бар назарын аударады. Дәл сол мұғалімнің құрметіне ие болуы керек. Біршама уақыттан соң-ақ сол мұғалім балаңыздың қандай қабілеті бар екенін, оны қалай жігерлендіруге, қолдау көрсетуге, күрделі тақырыпты түсіндіруге болатынын білетін. Бала алаңсыз дамып жатты: БІР кабинетте БІР негізгі мұғаліммен білім алды, айналасында өзіне жақсы таныс балалар болды, тапсырмаларды орындау және дәптер жүргізу талаптары да БІРДЕЙ болды. Бәрі үйреншікті еді. Ал мұғалім екінші ана іспеттес болды, керек кезінде сөзбен де көмек беретін, бағыт-бағдар да сілтейтін.

Бесінші сыныпқа көшкенде бала көптік мәселесіне тап болады. біріншіден, түрлі пән мұғалімдері КӨП болып кетті. Екіншіден, әр пән өз кабинетінде өтеді, ал ондай кабинеттер КӨП. Көбінесе осы кезеңде балалар басқа мектепке, басқа сыныпқа (мысалы, гимназиялық) ауысады. Сонда жоғарыда айтылғандарға жаңа ұжым мәселесі де қосылады – жаңа балалар КӨП:

Үйреншікті әлем күйреп бара жатыр, әлбетте, оны ұғыну оңай емес. Барлық жаңа мұғалімдерді, кабинеттердің қайда орналасқанын жаттап алу керек. Ал оған уақыт керек. Мектептің ішінде әрлі-берлі жүгіруге тура келеді, себебі, келесі сабақ қандай және қай кабинетте болатынын еске салатын ешкім жоқ. Оған қоса естен шығармау керек, бала бір мұғалімнің ғана емес, көп мұғалімнің алдында қайтадан бедел жинау керек, көптеген мұғалімдермен қарым-қатынас орнату керек. Еріксіз қобалжисың, қорқасың – нәтижесінде үрей артады.

Баланың ойдағыдай бейімделіп келе жатқанын қалай түсінуге болады



1. Баланың білім алу барысына көңілі толады.
2. Бала оқу бағдарламасын оңай меңгеріп жатыр.
3. Оқу тапсырмаларын орындау кезінде баланың өз бетінше жұмыс жасау дәрежесі жоғары, тапсырманы алдымен өзі орындап көруге тырысқаннан кейін ғана ересектердің көмегіне жүгіруге дайын.
4. Сыныптастарымен және мұғаліммен тұлғааралық қарым-қатынастарына көңілі толады.

5-слайд

1. Баланың білім алу барысына көңілі толады.
2. Бала оқу бағдарламасын оңай меңгеріп жатыр.
3. Оқу тапсырмаларын орындау кезінде баланың өз бетінше жұмыс жасау дәрежесі жоғары, тапсырманы алдымен өзі орындап көруге тырысқаннан

КЕЙІН ғана ересектердің көмегіне жүгінуге дайын.

4. Сыныптастарымен және мұғаліммен тұлғааралық қарым-қатынастарына көңілі толады.

Бала бейімделуде қиындықтарға шалдығып жатқанын қалай түсінуге болады



1. Баланың түрлі шаршауы, қалың.
2. Бала күнін қалай өткізгені туралы жерлермен байланыс қалмайды.
3. Ересектер назарын мектепте қайтадан құндық көруге, басқа тақырыптарға бұрғырады.
4. Тір тапсырмасын орындай алмайды.
5. Мектеп, мұғалімдер, сыныптастар туралы жағымсыз пікір білдіреді.
6. Мектептен байланыс оқиғаларға шағындалады.
7. Ұқымы азаяды. Табеті бұзылады.
8. Тәуірмен ұқымымен орындай, негізгісі бой алдырады.
9. Өзі үнемі нашар сезінетініне шағындалады.
10. Жұмыс қабілеті төмендейді.
11. Ұқымы болып кетеді.
12. Алаңдасар болып кетеді.

6-слайд

Кейбір бесінші сынып оқушылары есейгенін және оқу үдерісіне жылдам үйренісіп кеткенін мақтан тұтса, басқалары мектептегі өміріндегі өзгерістерге уайыммен қарайды, сондықтан бейімделуі ұзаққа созылып кетеді. Осындай кезеңде балалар жиі өзгеріп кетеді – нақты себепсіз үрейге бой алдырады, жасқаншақ немесе керісінше жүгенсіз болып кетеді, тым әбігерленіп кетеді.

Нәтижесі – балалардың жұмысқа қабілеттілігі төмендейді, олар ұмытшақ, алаңғасар болып кетеді, кейде балалардың ұйқысы мен тәбеті нашарлайды. Кіші жастағы жасөспірімнің ойдағыдай бейімделе алуы оның зияткерлік дайындығына ғана емес, сыныптастарымен және педагогтармен қаншалықты жақсы қарым-қатынас құра білетініне және тіл табыса білетініне, мектеп ережелерін сақтай білетініне, жаңа жағдайларда бағыт-бағдар таба білуіне байланысты.

Тест: «Қалай ойлайсыз, балаңыздың мектептегі жағдайы жақсы ма?»



Егер келтірілген пікірмен келіссеңіз, "+" қойыңыз
Егер келтірілген пікірдің сізге қатысы болмаса, "-" қойыңыз
Әр «+» = 1 балл



7-слайд

Келесі сұрақтарға жауап берейік
Әр + үшін бір балл

1. Балама мектепте оқиган ұнайды.
2. Балама басқа мектепте, сыныпта құрамы әртүрлі еді деп ойлайды.
3. Егер таңдай алатын болса, үйде оқығысы келмесе еді.
4. Кейінге орай, балама маған және туыстарымға мектеп туралы оқырған құндылық айтады.
5. Сыныпта оның достары көп.
6. Оған мектептегі мұғалімдер оңай ұқсайды.
7. Ол сыныптан тыс шараларға, кештерге, жорықтарға белсенді қатысады.
8. Сізбен болмай қалса (мұғалім ауырып қалғанда немесе басқа себептен) баланың көңілі күн түспейді.
9. Есіне салып тұрмаса, балама сабағын өз бетінше сирек оқиды.
10. Өзге қызығушылықтары мен хоббиі мектептегі оқуына кедергі келтірмейді.

Егер келтірілген пікірмен келіссеңіз, "+" қойыңыз
Егер келтірілген пікірдің сізге қатысы болмаса, "-" қойыңыз Әр «+» = 1 балл

8-слайд

Келесі сұрақтарға жауап берейік
Әр + үшін бір балл

«Қалай ойлайсыз, балаңыздың мектептегі жағдайы жақсы ма?» тестінің нәтижелері



- 8-10 балл – Балаңыздың мектепке қатысты көзқарасы жақсы, жақында қандай да бір қиындықтар туындауы екіталай.
6-7 балл – Балаңыздың мектептегі жағдайы жаман емес.
4-5 балл – Мүмкін болыңыз! Мектепте бір қиындық бар.
1-3 балл – Балаңызға сіздің көмегіңіз өте қажет. Қиындықтарға, оқу үлгерімінің төмендеуіне байланысты оның мектепке деген көзқарасы теріс, әрі жағымсыз.

9-слайд

Осы жерден жауаптарды көре аласыз

Ата-аналарға арналған ұсыныс-кеңестер

1. Балаңыздан мектептегі жағдайы туралы сұрастырып отырыңыз.
2. Балаңыздың мұғалімдерімен үнемі сөйлесіп тұрыңыз.
3. Балаңыздың оқу үлгерімін өзіндік жалпау мен ынталандыру жүйесімен байланыстырмаңыз.
4. Балаңызға үй тапсырмаларын орындауға көмектесіңіз.
5. Балаңызға мектептегі сабақты қызығушылық танытуға көмектесіңіз.
6. Үйде жайлы және орынсты ақшалай сақтап отыруға ерекше күш салыңыз.

10-слайд

Ата-аналарға арналған ұсыныс-кеңестер

5- сынып оқушыларының бейімделу ерекшеліктері. Психологтың ата-аналармен кездесуі. Слайдтарға мәтін

11-слайд

Ата-аналарға арналған ұсыныс-кеңестер